

А.М. Ташкараева \*, А.Б. Альдибаева 

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан*  
(E-mail: [assel\\_muxtarovna@mail.ru](mailto:assel_muxtarovna@mail.ru); [albina\\_kzt83@mail.ru](mailto:albina_kzt83@mail.ru); [1508\\_aida@mail.ru](mailto:1508_aida@mail.ru))

## «Шежіре-и Таракиме» шығармасындағы ортағасырлық мемлекеттерге қатысты жер-су деректерінің берілуі

Ұлы далада өмір сүрген түркі ру-тайпаларының этникалық тарихы саяси, әлеуметтік себептерден күрделі жағдайда жүрді. Көші-қон, жойылу, бөліну, ассимиляция сияқты үдерістердің нәтижесінде мәдениеттер тоғысып, халық болып қалыптасқаны да белгілі. Кез келген уақытта тарихи үдеріс белгілі бір тарихи кеңістікте жүріп отырады. «Кеңістік» ұғымының түп-төркіні тоқтаусыз құбылыс және шексіздік ұғымына саяды. Ал, «Тарихи кеңістік» жер бетіндегі түрлі тарихи оқиғалар мен үрдістердің белгілі бір уақыт пен ортада өтуі. Мақалада Әбілғазының деректерінде келтірілген Ұлы далағы тарихи жерлер мен олардың сипаты қарастырылған. Авторлар «Шежіре-и Таракиме» шығармасындағы жиі аталатын, ежелден түркілердің құтты қонысы болған Сырдария, Еділ, Жайық өзендері, Қазығұрт, сонымен қатар Алмалық, Сайрам, Талас (Тараз) Ыангикент қалалары, Маңғышлақ (Маңғыстау), Дешті-Қыпшақ, Мауереннахр, Тұран, Түркістан далалары туралы деректерді талдаған.

*Кілт сөздер:* түркі ру-тайпалары, түркілер, моғолдар, Қазақ хандығы, Моғолстан, ұлыстар, шығарма, «Шежіре-и Таракиме», Әбілғазы, ортағасырлық мұсылман авторлары.

### *Кіріспе*

Орта ғасырлардағы Дала өркениеті тудырған шежіре мәліметтерінің ішінде жер-су атаулары деректерінің алар орны ерекше. Шежірелер мен шығармалардағы жер-су атауларына деректік талдау жасау арқылы көшпелілік болмысқа тән тарихи ой-сана мен тарихи таным өрісін, оның табиғатын және құрамдық бөліктерін, әлеуметтік-мәдени қызметін тануға жол ашады. Қазақ тарихын баяндауда шежірелік дерекке молырақ назар аударып, оның мәліметтерін талдап зерттеу — тарихи ізденіс үшін көкейтесті, ғылыми таным үшін маңызды, әрі ұлттық деректеме тиімділігін арттыратын өзекті жұмыс.

Әбілғазы «Шежіре-и Таракиме» шығармасында Қытайдан Египетке дейінгі бірқатар елдердің географиясы, жер-су атауларына байланысты құнды деректер кездеседі. Ол әсіресе Орта Азияның географиясын егжей-тегжейлі сипаттайды. Еңбекте жалпы саны 110 географиялық атау берілген. Еңбектегі келтірілген жер-су атауларын деректемелік тұрғыдан талдар болсақ, үлкен ғылыми еңбек болары даусыз. Осы себептен, біз тек шығармадағы Қазақстан территориясына қатысты топонимикалық атауларды қарастыруды жөн көрдік.

Бұл зерттеуіміздің басты мақсаты — шығармадағы топонимдік атауларға басқа деректермен салыстыра отырып, талдау жасау. Еңбекте ежелден түркілердің құтты қонысы болған Сырдария, Еділ, Жайық өзендері, Қазығұрт, сонымен қатар Алмалық, Сайрам, Талас (Тараз) Ыангикент қалалары, Маңғышлақ (Маңғыстау), Дешті Қыпшақ, Мауереннахр, Тұран, Түркістан далалары жиі аталады. Әбілғазы бұл географиялық нысандардың тарихына арнайы тоқталып немесе сипаттамалық анықтама бермеген, тек белгілі бір оқиғаның болған жерін немесе ру-тайпалардың мекендеген жерін сипаттауда атап өтетіндіктен, деректерді салыстыра отырып зерттеу алға қойған мақсатымызға жеткізбек.

### *Зерттеу әдістері*

Мақаланың әдіснамалық негізін тарихилық, объективтілік пен жүйелілік принциптері құрайды. Алға қойған мақсатымызға жетуде және бірқатар міндеттерге қол жеткізуде жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістердің ішінен талдау, синтездеу әдістері пайдаланылды. Тарихи танымның арнайы әдістерінен тарихи-салыстыру, контент-талдау, тарихи-салыстырмалы әдістері пайдаланылған.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [assel\\_muxtarovna@mail.ru](mailto:assel_muxtarovna@mail.ru)

*Пікірталас*

Түркі ру-тайпалары ғасырлар бойы мекен еткен жерлеріндегі атауларды көп жағдайда жер бедері мен ерекшеліктеріне орай өте дәл, көркем ұғымдармен байланыстыра білген. Бұл атаулар алғашқыда атадан балаға ауызша беріліп, кейіннен тарихи шығармалар мен шежірелерде көрініс тапқан. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов: «Түркілерде салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған, өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты адам аттары, жер-су атаулары, тағы басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп баға берген еді [1; 36]. К.Г. Паустовский жер атауларының маңызына тоқталып: «Жер атаулары дегеніміз — халықтың өз елін ақындық тілмен бедерлеуі. Бұлар халықтың мінез-құлқы, тарихы, ой аңсары мен тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді» деп тамаша етіп анықтама берді [2; 9].

Қазақ даласында талай оқиғаның куәсі болған тарихи жерлер баршылық. Қазақстан аумағындағы географиялық нысандар өзінің атауын ерекшелігіне, табиғат жағдайына сондай-ақ, осы өңірде өткен тарихи оқиғаларға байланысты алды. Қазақ жерінде аты аңызға айналған географиялық нысандардың бірі — Нұх пайғамбардың заманымен байланысты Қазығұрт тауы. Ел аузында:

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол «әулие» болмаса, неге қалған? – деген сөз сақталған. Оның қасиеттілігі жайлы аңыздар да бар. Сол аңыздардың бірінде Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына тіреліп, осында жаңа өмір басталғаны айтылады: «Нұх пайғамбар Құдайдың Жаратушы екендігін ұмытып, азғындаған елді қанша жыл бойы тура жолға шақырғанмен еш нәтиже шықпайды. Шарасы қалмаған Нұх пайғамбар Құдайдан көмек сұрайды. Бір күні Жаратушыдан Пайғамбарға хабар келеді: «Жердің бетін топан су басады, қырық күн жаңбыр жауады, азғындардың бәрі суға қарық болады, сен кеме жасап, әр жануардың, аңның түрлерінен жұп-жұбымен кемеңе салып ал». Нұх пайғамбар кеме жасауды аяқтап, отбасымен, жануарлармен кірген сәтте жаңбыр жауа бастайды. Қырық күн жауған жаңбырдан жерден қырық құлаш су көтеріледі, ол су қырық күнге дейін қайтпайды. Мерзімі жеткен кезде су басылып, Нұх пайғамбардың кемесі бір биік таудың басына келіп тоқтаған екен. Сол тауды халық «Қазығұрт» деп, кеме қайырылған шыңын «Кеме қалған» деп атап кеткен.

Осы аңызбен мазмұндас басқа халықтарда кеңінен тараған аңыз-әңгімелердің деректері бойынша, Нұх пайғамбардың кемесі қалған тау ретінде Палестинадағы Сиьнай тауы, Араб әмірлігіндегі Әл-Джуди тауы, Армениядағы Арарат тауын айтады. Әбілғазының деректері бойынша, Нұх пайғамбардың кемесі әл-Джуди тауына келіп тоқтаған. Сондай-ақ, Ассирия, Вавилон аймағы, Месопотамиядағы белгілі таулар, әр заманда топан су астында қалған деген ертедегі қалалар аталады. Мысалы, Ефрат дариясының батыс жағасындағы «Адам ата мазары» атаумен белгілі Куфа қаласы да айтылады [3; 9].

Әбілғазы Қазығұрт тауын оғыздардың иелігінде болғанын жазды: «Оғыз елінің аумағы шығысында — Ыстықкөл мен Алмалыққа дейін, оңтүстігі — Сайрам және Қазығұрт тауы, Қаражық тауы, солтүстігі — Ұлықтау, Кішіқтау — мыс кені еді, батысы — Сырдың сағасындағы Ыангикент қаласы мен Қарақұмға дейін созылды. Осы айтылған жерлерде төрт мың, бес мың жыл отырды, қайсы ру көп болса, содан падишаһ көтерді» [4; 56]. Б. Қошым-Ноғай: «... біз бұл деректен Қазығұрттың Оғыз қағанатының оңтүстік-батысындағы шекарасында жатқан тау екенін көріп отырмыз. Демек, бұл тау «Оғыз тауы» аталуға тиіс еді. Біз бұл жерде бір кезде Оғыз қағанатының аумағында жатқан Қаратаудың тұйықталар тұсы күні бүгінге дейін «Өгізмүйіс» (Оғыз мүйісі) деп аталатынын да еске алып отырмыз», — деп тұжырымдайды [5].

Ел арасында Қазығұртты адам есімімен байланыстыратын мына аңыз сақталған: «Қазығұрттың басында бір үңгір болса керек. Ол үңгірдің үстіне ағаш шаншып қойған Қазығұрт атаның моласы дейді екен. Басқа жерлерді бұлт басса да, Қазығұрттың басын бұлт шалмайды екен. Егерде Қазығұрттың басына бұлт шөгіп, көрінбей қалса, қариялар Қазығұрт қарасын киді деп, қатындар құлпарасын киеді екен. Сол уақытында жұрттың бәрі даладағы заттарын үйге қояды екен. Қазығұрттың басын жапқан бұлт жаумай кетпес деп, Нұх пайғамбардың кемесінен қалған жануарлар туралы жырды айтады екен» [6; 146]. Шамасы, Қазығұрт есімі көне таудың құрметіне қойылса керек. Ал, шығармадағы Қазығұрт есімінің үңгірмен байланысы туралы нақты дерек жоқ. Әбілғазы деректерінде Қазығұртты Оғыз ханның немерелерінің бірінің есімі ретінде көрсетеді. Аңыз бойынша, Күн хан кіші інілері мен балаларына өсиет бойынша мұраларды үлестіріп, қос қанаттағы шатырларға бөлгенде Қазығұртты Көк ханның үлкен ұлы Байындырдың шатырына ат ұстауға жібереді [4; 52].

Десек те, Қазығұрт тауының құпия сыры толығымен ашылмады. Бір анығы — оның қасиетті тау екендігінде. Қазығұрт тауы туралы аңыз-әңгімелердің бүгінгі күнге жетуі соның тағы бір дәлелі. Алайда жаһандық топан судың бірнеше рет болғанын ескерсек, Нұх пайғамбардың кемесі дәл осы Қазығұрт тауында қалды ма екен деген заңды сұрақ туады. Нұх пайғамбардың кемесі болмаған күнде де жан мен жануардың мол судан бас сауғалап, көтерілетін шыңдарының бірі — осы қарт Қазығұрт екені даусыз. Таудағы үңгірлер мен бұлақтардың болуы да Нұх пайғамбардың кемесі тоқтайтын мекен деген тұжырымды күшейте түседі.

Қазығұрт тауының шыңынан қолмен сызып қойғандай сұлуланып жатқан өзен — Сыр суы туралы да ежелгі жазбалар жетерлік. Орта Азияның ірі өзендерінің бірі Сырдария туралы алғашқы дерек Авестада Ранха атауымен кездеседі. Ал, ежелгі грек деректемелерде Йаксарт атауымен белгілі. Гректер Сырдарияның сол жағалауының орта ағысын мекендеген халықты «Йаксарт халқы» деп атаған. Ежелгі түркі халықтарының арасында бұл өзен Йенчу-окуз деген атпен кездеседі. Түркі тілінде «окуз» сөзі «өзен» мағынасында қолданылады, Йенчу-окуз — «Маржан-теңіз» мағынасын берсе керек. Сондай-ақ, Қытай деректемелерінде де «Маржанды өзен» деп аударылатын Чжень-чжу-хэ атауымен кездеседі [7].

Сырдария өзені туралы халық арасында таралған топонимикалық аңыздар бар. Сол аңыздардың бірінде, ертеде осы өзеннің жағасында көшпелі халық өмір сүргені айтылады. Бұл елді асқан айлакер хан басқарған екен. Оның әйелі керемет сұлу болыпты. Хан әйелімен ақылдаспай, ешбір шешім қабылдамаса керек. Бір жолы хан жауларының шабуылын тойтарып, қолға біраз тұтқын түсіріпті. Хан тұтқындарды дария жағасындағы ескі лашыққа қаматады. Түнге қарай, таза ауада сейіл құруға шыққан хан әйелі нөкерлерімен сол маңнан өтіп бара жатып тұтқындармен әңгімеге кірісіп кетеді. Қызды-қыздымен ханша өзінің көрші ауылдағы бір жас жігітті өте жақсы көретінін, таяуда сол жігітпен оңаша кездескенін айтып қояды. Мұны естіген тұтқындар: «Сен ақылды әйелсің, оған еш дау жоқ. Бірақ ішкі сырынды жұртқа жайып жібердің, бұл — сенің үлкен қателігің. Енді бізді босатпасаң, хан алдында сені әшкерелейміз!», — дейді. Сол сәтте ханша: «Өз әйелін тәрбиелей алмаған ханды халық қалай құрметтесін» деп ойлап, тұтқындарды босатып жібереді. Содан бастап әлгі дария «Сырдария» деп аталып кетіпті [6; 236].

Ерте заманнан Сырдария оғыз тайпаларының құтты мекені болды. Әбілғазы оғыздардың ертеден қоныстанған аумағының батысы Сырдың орта және төменгі ағысына дейінгі алқаптың кіретінін жазды. Оғыз ханның әкесі Қара ханның заманындағы ел Ұлытау және Кішітау жерлерін жаз жайлап, Сыр алқабын қыстау ретінде пайдаланды [4; 40]. VIII ғасырда оғыз тайпалары Сыр суының орта ағысынан Сырдың сағасына келіп орнықты. Әбілғазы оғыздардың Сырдың төменгі ағысына жылжуын хатай, қаңлы, наймандардың шабуылымен байланыстырады. Мұндағы оғыздар билеушілерін Йангикентке отырғызып, өздері Сырдың екі жағалауын жаз жайлау, қыс қыстау ретінде пайдаланды [4; 57].

Әбілғазы: «Оғыз елінің жұрттарының шығысы — Ыстықкөл және Алмалық, оңтүстігі — Сайрам, Қазығұрт тауы, Қаражық тауы, солтүстігі — Ұлытау, Кішітау мыс кені еді, күнбатысы — Сыр суының сағасындағы Йангикент қаласы, Қаракұм. Олар осы айтылған жерлерде төрт мың, бес мың жыл отырды, қайсы ру көп болса, содан падишаһ көтерді» [4; 56], — деп Сыр бойының сандаған жыл бойы оғыздардың иелігінде болғанын жазды. Белгісіз парсы географының «Худуд әл-алам мин әл-машрик или-л-мағриб» еңбегінде де оғыздардың аумағы Сыр бойы мен Арал өңірі, Қаракұм мен Қызылқұм екені жазылған [8; 216]. Миграциялық көші-қон үрдістерінің нәтижесінде Сыр алқабын қоныстанған оғыз тайпаларының барлығы дерлік көшіп кеткен жоқ. Жамал Қаршидің деректеріне сәйкес, оғыздар Сырдың бойынан жаппай көшіп кетпеді, олардың кейбір тайпалары моңғол дәуірінің өзінде де осы аумақты мекен еткен [9]. Мұндағы оғыздардың біразы жергілікті қазақ халқын құраушы тайпалармен етене араласып кетеді. Оған дәлел ретінде Қорқыт ата, Көроғлы, Жиренше шешен, Алдар көсе сияқты оғыз-қыпшақ заманында шығып, Орта Азияда кеңінен тараған ауызша дәстүрдің керемет үлгісін жасаушы тұлғаларды атауға болады.

Оғыздарда қала мәдениеті жоғары деңгейде болды. Сыр бойындағы Йангикент қаласын өздерінің астанасы етті. Қала IX ғасырдың екінші жартысы мен XI ғасырдың ортасында гүлдену дәуірін бастан кешірді. Мұнда жабу сарайы және үлкен оғыз гарнизоны, базарлар мен діни-ғұрыптық орындар орналасты. Республикалық маңызы бар оғыз дәуірінен қалған тарихи-мәдени ескерткіш Сырдарияның сол жағалауында, Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде орналасқан.

Йангикент туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырлық араб, парсы еңбектерінде кездеседі. Ибн-Хаукал Йангикент оғыздардың басты қаласы болды, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар әл-Карьят

эл-Хадиса, сарматтар Дех-и-Нау деп атағанын жазды. Жаңа қала мұсылмандардың қаласы болды, оны оғыздар басқарды, қала Хорезмнен 10 күндік, Фарабан 2 күндік жерде орналасқан деген дерек бар [10; 184]. Гардизидің хабарлауынша, кимақтар мекен еткен Ертіске баратын сауда жолы дәл осы Ыангикент арқылы өткен [11; 230]. Бұл қаланың сауда-экономикалық орталық болғандығын көрсетеді.

Рашид ад-диннің еңбегі бойынша, Оғыз хан өзі салдырған қаланы «Жаңа қала» деп атап, Еркіл-кожа есімді ақылды және парасатты адамның басқаруына берген. Әбілғазы Ыангикенттің ерте кезден оғыздардың басты қаласы әрі саяси орталығы болғанын жазды. Қорқыт ата бастаған қайы тайпасының игі жақсылары Ыангикентте бас қосып, Инал Йавы ханды таққа отырғызды. Осы уақыттан бастап Ыангикент оғыздардың саяси орталығына айналды. Инал Йавы ханның үшінші ұрпағы Қанлы Йавлының кезінде де Ыангикент саяси маңызға ие болды. Қайтыс боларында хандықты екіге бөліп, Түркістан мен Ыангикентті үлкен ұлы Мур Йавының иелігіне берді [4; 61].

Селжұқ империясының негізін қалаушы Селжұқ бай да Ыангикенттен шықты. Алғашқыда Сырдың сағасын мекендеген Селжұқ бай бастаған қынық тайпасы Жентке көшіп келген еді [4; 69]. Қарахан әулетінің билеушісі Арслан хан өзінің инақбегін Ыангикентке жібергенін жазды [4; 64]. Бұдан X ғасырдағы Қарахан әулетінің оғыздармен қатынасын байқаймыз.

X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың басында оғыздар мемлекетіндегі ішкі жағдай салықтың жоғары болуына байланысты нашарлады. Бұл кезде билік басында Әли хан болды. Әбілғазы Әли хан өзі Ыангикентте отырып, Шахмәлік атанған ұлы Қылыш Арсланды оғыздардың арасына жібергенін жазды. Әли хан болашақ билеуші ретінде ұлының қарапайым оғыздардың тыныс-тіршілігімен танысып, оларға сіңісуін көздеді [4; 66]. XI ғасырдың басында билікке келгеннен кейін Шахмәліктің тұсында мемлекет нығайып, саяси күшке ие болды. Әбілғазы Шахмәліктің ханға лайықсыз теріс әрекеттерінен кейін оғыз жұрты оны «бедадгир», яғни «әділетсіз» деп атағанын жазды. Ханға қарсы оғыз жұрты бас көтергенде, Шахмәлік әкесі Әли хан отырған Ыангикентке қашты. Әскер жинап, селжұқтармен қайта шабуылға шыққан Шахмәлік осы шайқаста қайтыс болды.

Халық арасында кеңінен тараған Жанкент қаласының апаты жайындағы аңыздардың бірі Мәлік шахтың ұлы Санжар ханның осы қалада билік еткен кезеңімен сәйкес келеді. Ол өзіне Қарабура әулиенің Бегім есімді сұлу қызын әйелдікке алады. Бір күндері хан әйелінің адалдығына күмәнданып, оның бұрымы мен сол қолын кесіп, зынданға тастауын талап етеді. Кейіннен Бегім сұлудың адалдығы дәлелденіп, кесілген бұрымы мен қолы қалпына келеді. Бірақ, Бегім құсқа айналып Арал теңізінің жағалауына ұшып кетеді. Аңыз бойынша, осы жағдайдан кейін Қарабураның қаһарына ұшыраған Жанкент жыландардың шабуылынан құлайды. Қаладан қашып құтылған адамдар, Бегімнің рухын тыныштандыру үшін мұнара тұрғызыпты деседі.

Аңыздың тағы бір нұсқасы да Санжар хан мен Бегім ананың өмірімен байланысты. Аңыз бойынша, бірде аңшылық құрып шыққан Санжар хан жолай қару-жарағын ұмытып, сарайына бір батырын жұмсайды. Бір шама уақыт өткенімен батыры оралмаған соң, ашуға мінген Санжар кері қарай қайтады. Ал қаруды алуға келген батыр болса, Бегім сұлудың сарайда ер адам жоқ деген оймен, бет-жүзін ашық ұстап, сарайда серуендеп жүргенін көріп, Бегімнің сұлулығына тамсанып, есінен танып қалады. Сарайға келген хан әйелінің бөлмесінің маңында есінен танып жатқан батырды көріп, әйеліне опасыздық жасадың деп кінә тағады. Әйелінің ақталғанын тыңдамаған Санжар ашумен оның бұрымы мен қолының білезік тұсынан шауып тастайды. Бегім үйін тастап Арал маңындағы мұнарадан пана тауыпты. Бегімнің әкесі Қарабура Санжар ханның қызына жасаған әділетсіздігіне ренжіп, Жаратушыдан әділеттік сұрап дұға жасайды. Бір түнде Бегімнің шашы мен қолының қайта қалпына келуі халықты таң қалдырады. Бірақ, әкесі сүйікті қызының жаралы жүрегін емдей алмайды. Аңыз бойынша, Жанкент қаласын жылан басып, ал халқы қаланы бір жола тастап кетеді. Керуендер жылан басқан қаланы айналып өтсе, құстар ұя салмай, ал жануарлар жақындауға қорқады екен [12; 242].

Селжұқтармен көпжылдық соғыстардан және Шахмәліктің өлімінен кейін оғыз конфедерациясы талқандалды. Қыпшақ хандарының саяси көтерілуі көп ұзамай олардың аумағының одан әрі кеңеюіне әкелді. Қыпшақ билеушілері оғыз жабғысын ығыстырып, Сырдария бассейнін, Арал және Каспий маңы далаларын басып алып, Еділ, Үстірт және Сырдария арқылы өткен маңызды сауда жолдарын бақылауға алды [13; 16]. XI ғасырдың басында қыпшақ тайпаларының соққысынан кейін оғыздар Сырдария мен Арал теңізінің жағасынан ығысып, мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты. Осылайша, Ыангикент алдымен селжұқтардың, одан кейін қыпшақтардың қоластына өтті. Қала XIII ғасырда

моңғол шапқыншылығынан кейін тез құлдырай бастады. Толассыз шабуылдардан кейін қала өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Әбілғазы оғыздардың маңызды қалаларының бірі ретінде Ходжент қаласын атайды. Сырдарияның бойында Ходжент деп аталатын қазіргі Тәжікстан территориясына қарасты тағы бір ежелгі қала бар. Алайда, Әбілғазының айтып отырғаны Ходжент емес, Қызылорда облысына қарасты Жент қаласы екені даусыз. Себебі, Тәжікстанға қарасты Ходжент қаласы Сырдың жоғарғы ағысында орналасқанмен, оғыздардың территориясына кірмеді. Сондай-ақ, Әбілғазы оғыздардың көші-қонын жазғанда Жент қаласына жақын қалалар мен қоныстарды атайды. Мысалы, Селжұқ бай бастаған оғыз тайпаларының көшін келесідей көрсетеді: Сырдың сағасы → Ходжент → Нұр уәлаяты → Үргеніш → Хорасан [4; 69]. Нұр уәлаяты дегені Зарафшанның бойындағы Нұрата қаласы. Бұл қалаға Ходжент арқылы да келуі мүмкін еді, алайда, селжұқтардың империясының негізі қаланған қала Жент қаласы болды.

Жент қаласы алғашқыда оғыз-қыпшақтардың, қараханидтердің иелігінде болып, кейін моңғол шапқыншылығынан кейін де саудагерлер қаласы ретінде өмір сүрген. Жазба деректерде Жентте Анадолы түріктерінің атасы Селжұқ бей жерленгендігі көрсетілген.

Жент қаласының орналасқан жері жөнінде П.И. Лерх, Каллаур, В.В. Бартольд өз болжамдарын жасағанымен, нақты орны анықталмады. Тек Сырдария мен Әмудария аралығында орналасқан ескерткіштерді толық аралап шыққан С.П. Толстов алғаш рет 1946 жылы қаланың нақты орналасқан жерін көрсетті. Қызылордадан 115 шақырым жерде орналасқан қала орнына зерттеу жүргізген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жиналған материалдар негізінде қала X-XIII ғасырларда өмір сүрген деп топшылады [14; 288].

Әйгілі Алпамыс батырдың жары Гүлбаршынның есімімен аталған Баршынкент қаласы да Сырдарияның бойында, Қызылорда қаласына жақын маңда орналасқан. Қала атауы ел арасында «Қызқала» атауымен де ұшырасады. Баршын сұлудың көркем кесенесі сол қаладан алыс емес, ол Сығанақ қаласынан төменірек, Сырдарияның оң жақ бетінде, биік белеңнің үстіне салынған. Әбілғазы Баршын сұлуға арнап салынған кесене «Баршынның көк кешені» немесе «Көккесене» деген атпен сақталғанын жазды [4; 82]. Ә.Марғұлан оғыздардың ең көркем қаласының бірі — Баршынкентті XIX ғасырдың ортасына дейін қазақтар «Қызқала» деп келгенін жазды. Бұл қаланың аты даңқты болуына себеп болған екі кісі: бірі — Алпамыс батырдың жұбайы Баршын сұлу, яғни Гүлбаршын, екіншісі XIII ғасырдың орта кезінде осы қалада жасаған атақты ғалым әрі ақын Құсамеддин Баршынлықи [15; 14].

Сырдария мен Әмударияның аралығындағы тарихи-географиялық аумақтың ежелгі және орта ғасырлар тарихында алар орны ерекше. Мәуереннахр атауымен белгілі бұл жердің қазірде үлкен және орталық бөлігін Өзбекстан Республикасы алып жатыр. Мәуереннахрға Қазақстанның Қызылорда және Түркістан облыстарының оңтүстік бөліктері кіреді. Рухани, саяси-экономикалық маңызға ие қалалар орналасқан бұл тарихи аймақ ежелден-ақ өркениеттің бесігі болды.

Ертеде Хорасан тұрғындары Әмударияның арғы бетіндегі Согдиананы «Фараруд» деп атады. Фараруд парсы тілінде «өзеннің қарсы беті» деген мағынаны білдіреді. Соғдылар Фараб қаласын Сырдарияның арғы бетінде орналасқандықтан, Фараб деп атап кетті. Кейіннен, Сырдария мен Әмударияның аралығындағы дала жалпы Фараруд атауына ие болған. Александр Македонскийдің Орта Азияны жаулаушылығынан кейін аймақ атауы Окс және Яксарт аралығы мағынасын беретін Трансоксианаға өзгерді. Ал, Мауереннахр атауын VII-VIII ғасырлардағы араб жаулаушылықтарына байланысты алды. Бұл арабша атау да «өзеннің арғы бетіндегі» деген мағынаны білдіреді.

XI ғасырда Сырдария және Арал маңы оғыздарының күйреуінен кейін оғыздардың біраз бөлігі Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға қарай бет алды. Қалған бөлігі қарахандықтардың иелігіндегі Мауереннахр мен Селжұқ империясына қарасты Хорасанға көшіп келді. «Түрікмен» этнонимінің шығуы да осы Мауереннахр жеріне келген оғыздармен байланысты. Жергілікті тәжіктер оғыздарды әуелде түріктер деп атаған. Бес-алты ұрпақ ауысқан соң, климаттың әсерінен олардың бет-әлпеті өзгеріске ұшырайды. Мауереннахрға бұрынғы оғыз жерлерінен келген тұтқын, саудагерлерді көріп, «түріктер» дейді де, бұрынғы түріктерге түрікмен, яғни түрікке ұқсас деп атап кетті [4; 57]. Абу Райхан Бируни еңбегінен де түрікмендердің «түріктерге ұқсас» деген пікірді кездестіруге болады. XIV ғасыр тарихшысы Рашид ад-Динде: «Оғыз тайпалары өз аудандарынан Мауереннахр елі мен Иран жеріне келген кезде климаттың әсерінен олардың жүздері біртіндеп тәжіктердің сырт келбетіне ұқсай бастады, бірақ та олар нағыз тәжік болмағандықтан да оларды тәжіктер «түркман», яғни

«түрікке ұқсас» деп атады. Осы себептен де бұл атау Оғыздың барлық тармағына таралған және олар осы атаумен танылды», – дейді [16; 4].

Ұлы даланың ең әсем өзендерінің қатарындағы Еділ мен Жайық өзендері көбінде бірге аталып жатады. Қазақ үшін бір тіркеске айналып кеткен Еділ-Жайық өзендерінің пайда болуы мен аталу тарихы әр түрлі. Халық арасында қос өзеннің атауы мен пайда болуы турасындағы эпостық жыр кең тараған. Бұл жырдың желісі бойынша, Еділ және Жайық батырлар бір-бірін түсінде көріп, іздеп табады, жауларының шабуылына бірге төтеп беріп, жеңіске жетіп жүрді. Ақырында елінің тыныштығы мен амандығының жолында күреске түскен батырлар мерт болды. Бұған халық қатты қайғылып жылайды, көздерінен тамған жас өзен болып ағады. Осылайша бұл өзендер бірі Еділ, бірі Жайық аталып кетеді [17; 324-326].

Қыздың өрген қос бұрымындай қатар аққан, ән мен жырға арқау болып, жыр-дастанға негіз болған Еділ мен Жайық өзендерін тарихи шығармалардан бастап, жыршы-жыраулардың да туындыларынан кездестіреміз:

Еділ бол да, Жайық бол,  
Ешкімменен ұрыспа,  
Жолдасыңа жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа, – деп Асан қайғы өз жырында жырласа [18; 28],

Еділ, Жайық екі өзен,  
Талсыз болар деймісің,  
Көкшетаудың көп көлі  
Елсіз болар деймісің.  
Ботакөзді бойжеткен  
Жарсыз болар деймісің,  
Абылай қонған кең қоныс  
Елсіз болар деймісің, – деп Ақтамберді жырау өз жырына қосты [19; 78].

Шортанбай Қанайұлының шығармашылығында келесі өлең жолдары кездеседі:

Еділ, Жайық — екі су,  
Алтын, күміс тас болар,  
Арпа, бидай ас болар,  
Бірігіп жан тусаң да,  
Қарап та жүріп қас болар [20; 130].

XIX ғасырдың өр рухты ақыны Махамбет:

Еділді көріп емсеген,  
Жайықты көріп жемсеген.  
Таудағы тарлан шұбар біз едік.  
Исатайдың барында Қара қазан,

Сары бала қамы үшін қылыш сермедік, – деп Жайық пен Еділді өз жырына қосты [21; 82].  
Ж. Молдағалиевтің сөзіне жазылған И. Жақановтың «Еділ мен Жайық» әні де бар [22; 102].

Еділ өзені туралы ең алғашқы деректеме Аристотельдің еңбегінде кездеседі. Ал, өзеннің орналасқан жері мен атауы туралы нақты жазба деректі б.з.д. II ғасырдың ортасында өмір сүрген грек географы Клавдия Птоломейдің еңбегінен кездестіреміз. Птоломей өзеннің атауын «Ра» деп беріп, ағысын сипаттай келе, оның Каспий теңізіне құятынын жазған [23; 231]. VI ғасырдан бастап византиялық деректемелерде, кейінірек X ғасырдағы араб, парсы, Батыс еуропалық зерттеулерде Еділ гидронимі Итиль немесе Атиль деген атаумен кездеседі. Бұл халықтардың ұлы қоныс аударуымен байланысты шыққан атау болуы мүмкін. Анығырақ айтсақ, өзен атауы азиялық түркі халықтардың келуімен өзгерген.

Араб, парсы тарихшылары мен географтарының еңбектерінде Еділ мен Жайық өзендері туралы маңызды деректемелер бар. Әл-Истахри «Китаб месәлик әл-мамалик» кітабында Еділ өзенінің орналасқан жері туралы хабарлайды: «Река Итиль, как дошло до меня, начинается около (страны) киргиз и течет между страной кимаков и страной гузов, она является границей между кимаками и гузами; потом она уходит на запад к Булгару и снова возвращается на восток, пока не пройдет мимо (страны) бургасов и впадает в Хазарское море» [24; 169]. XIII ғасырда араб тарихшысы Якут әл-

Хамави «Китаб муджам әл-булдан» еңбегінде Еділдің оғыздар мен қимақтардың арасында орналасқан көл деп, әл-Истахридің жазбасын растайды [25; 410]. Ал, X ғасырда ибн-Фадлан «Джайх» деген атауымен «Бұл біз көрген өзендерден ең үлкені және ағысы қатты» деп Жайық өзенін сипаттайды. Түркі тілінде «суы жайылған» мағынасын беретін Жайық өзенінің ежелгі атауы түркітілдес халықтардың біразында сақталған. Кейбір түсіндірмелерде «жай» және «ық» сөздерінің бірігуінен, яғни «жай ағысты» мағынасында кездеседі. Қазақ даласының кең арналы өзені 1775 жылдан Жайық атауын өзгерту туралы II Екатеринаның Жарлығына сәйкес, орыс жазбаларында Урал атауымен белгілі.

Әбілғазы Оғыржық алыптың байындарларға қарсы шығып, Қырымға, одан әрі Еділ өзенін кесіп өтіп, Жайықтың бойына келгенін жазды [4; 72]. Оған дейін бұл өзендерді Нұх пайғамбардың заманын жазуда атайды. Соның ішінде, Йафес Джуди тауынан Еділ мен Жайықтың жағасына кетіп, осында орнығып, екі жүз елу жыл өмір сүрді дейді [4; 39]. Әбілғазының бұл дерегін халық арасында ауыздан ауызға жеткен «Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі» туралы шежірелік аңыздар да растайды:

Жер жүзін әзірет Нұх үшке бөлді,  
Иран мен күнбатысты Самға берді.  
Үндістан мемлекетін Хамға беріп,  
Тұраннан күншығыста Япыс ерді.  
Суына Еділ-Жайық Япыс барып,  
Отырды мекен етіп қарар алып.  
Япыстың әулеттері одан кейін,  
Көбейді атырабына һәм таралып [26; 271].

Түркі ру-тайпаларын зерттеуші П.И. Рычков түркі және парсы жазбалары бойынша, Нұхтың ұлы Йафес немесе Афет әкесінен еншісін алып, Еділ мен Жайық өзендеріне кеткенін жазды [27; 62].

Ауызша деректер көрсеткендей, Еділ мен Жайық алқабы Йафес ұрпағынан тараған түркі халықтарының алғашқы қонысы болды. Бұл аймақ ұрпақтан ұрпаққа мұраланып, кейінгі түркі ру-тайпалар мен халықтардың территориясына кірді. XIII ғасырда моңғол тайпалары осы өңірді мекен еткен қыпшақтарды ығыстырып, өздеріне бағындырды. Бұл жөнінде Әбілғазы Қыпшақ этнонимінің шығуы туралы аңызда жазады. Орыс, олақ, мажар және башқұрттар бас көтергенде Оғыз хан қасына көптеп нөкер қосып, қыпшақты Еділ мен Жайық бойына жіберген. Бұл өңірде қыпшақ үш жыз жыл бойы билік етті, ұрпағы өсіп-өнді, көбейді. Шыңғыс хан заманына дейін бұл далада қыпшақтың ұрпағынан өзге ел болмады, сол себепті бұл жер Дешті Қыпшақ атауына ие болды, кейіннен моңғол шапқыншылығы кезінде Жошы ханмен ұрысқа түскен қыпшақтар жеңіліп, Еділдің жағасын тастап кетуге мәжбүр болды [4; 44].

Бұл жөнінде Рашид ад-дин де жазады, алайда оқиға басқаша өрбиді. Оғыз хан барлық жауланған жерлеріне даруғалар тағайындап, жыл сайын алым-салық алып отыратын еді. Алайда, Ит-Барақ хан салық төлеуден бас тартты, оны жөнге салу үшін қыпшақтарды жіберіп, Еділ мен Жамансу аралығындағы жерді бағындырып, сол жерде тұрақтауды бұйырады. Рашид ад-динде Жамансу деп отырғаны Жайық өзені болуы әбден мүмкін, қалай болғанда да бұл өзен Еділ мен Сырдария аралығындағы өзендердің бірі. Қыпшақтар осы аймаққа орнығып, Ит-Барақтан, Дербенттен және жақын өңірдегі елдерден салық жинап, қазынаға жіберіп отырды [16; 31]. Осыған ұқсас деректі ауызша дәстүрдің керемет көрінісі — шежірелік жырлардан көреміз:

...Ол бала кәтта болды құп ержетіп,  
Әскерге оны қойды бастық етіп.  
Ол уақытта мажар, башқұрт Оғыз ханға  
Жау еді дұшпандығы кеткен өтіп.  
Қыпшақты көп қосынға бастық қылып,  
Жіберді башқұрттарға хан бұйырып.  
Дұшпаннан Еділ, Жайық бойын алды,  
Ұрысып бірнеше жыл Қыпшақ жүріп.  
Башқұрт пен мажар халқы қашып кетті,  
Ол жерді Қыпшақ тұрып мекен етті.  
Көп уақыт болғанынша анда тұрып,  
Көптігі әулетінің әбден өтті.  
... \* ат қойылған бір ру бар,

Айтылған ол баланың нәсілі дүрлар.

Ол жерге аның үшін бұл уақыттарда

Дешті Қыпшақ даласы деп есім қылар [26; 278].

Сондай-ақ, шежіренің тағы бір нұсқасында Қыпшақтың туылуы туралы жаза келе: «Осы бала өсіп, жігіт болған соң қолбасы қылып, көп жігіт-желең беріп орыс, ұлақ, башқұрт, мажар жақтарына жауласуға жіберді. Бұл айтылған жұрттар Тең деген судың бойында болады екен. Қыпшақ келіп орыс, ұлақ, башқұрт, мажарды өзіне қаратып алып, үш жүз жыл патшалық қылды. Бұған қараған ел — «Қыпшақ елі» атанды. Тең, Еділ, Жайық — осы үш судың өлкесінде төрт жүз жыл тұрақ қылып, тарихтарда «Дешті Қыпшақ» атанды [28; 51].

Тағы бір нұсқада: «... Уыз хан ол баланың атын «Қыпшақ» қойып, өскен соң өзін батырбасы қылып, көп қосынмен орыс, ұлақ, башқұр, мажар жағына жіберіп, бұл көп жұртты бағындырып, үш жүз жыл патшалық дәурен сүріп, сонан Еділ, Жайық, Ертіс, Сырдария аралығындағы дала «Дешті Қыпшақ» атанды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе?» делінген сөз осы қыпшақ заманында айтылған сөз екен» [28; 62].

Шежірелік жырлардың бірінде қыпшақ тайпасының шығуын түсіндіруде былай дейді: «Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқыр елдеріне жіберді. Қыпшақ үш жүз жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша Қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына шейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді, Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды, сондықтан ол жер «Дешті Қыпшақ» («Қыпшақ даласы») деп аталды» [28; 217].

Қыпшақ даласы Сырдарияның жоғарғы ағысы мен Дунайдың сағасына дейін созылатын маңызды дала белдеуін алып жатыр. Бұл туралы XI ғ. Насыр-и Хұсрау Марвази Ертістен Дунайға дейінгі жерлерді қыпшақтар билегенін, ол жер «Дешті Қыпшақ» — қыпшақтар даласы аталғанын жазып қалдырды. Әбілғазы Қыпшақ даласының территориясын Еділ, Жайық және Тин (Дон) өзендерінің аралығы деп көрсетіп, бұл территорияны қыпшақтардың өсіп-өнген жері деп есептейді. Дегенмен, уақыт өте келе, Дешт-и Қыпшақ жері ауқымын кеңейте түсіп, Алтай тауларынан Дунайға дейін, Балқаш көлінен Қара теңіздің жағасына дейінгі ұлан байтақ жерді қамтыды. Бұл далада тек қыпшақтар ғана емес, басқа да түркі халықтары, соның ішінде осы өңірді қыпшақтар келгенге дейін мекен еткен тайпалар болған.

«Шежіре-и Таракимеде» қазіргі Маңғыстау облысы мен Түрікменстан, Өзбекстан территориясының кейбір бөлігін қамтитын Маңғышлақ топонимі кездеседі. Тарихи тұрғыдан алғанда, қысының жұмсақ болуына байланысты Маңғышлақ әрдайым Арал-Каспий аймағының көшпелі тұрғындарының қыстайтын жері болған. Сондықтан, ең алдымен, «мыңдаған» қыстақтардың атымен (мың қыстау) аталғанын ең алғаш орта ғасыр авторлары айтқан. Ал XII ғасырда Маңғышлақ қаласының атауы бүкіл географиялық аймаққа таралды [29; 186]. Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы жарты аралдың аталуының тікелей мағынасы «мың қышлақ» — «мың қыстау», яғни Маңғыстаудың семантикасы. Заманында осы өлкеге келген Асан қайғының «Маңғыстау емес, мың қыстау екен» деген сөзі қалған [6; 50].

Кейбір деректерде «Бинкишлақ» түрінде кездеседі, бұл оғыз тілдерінде «мың» сөзінің «бин» түрінде айтылуымен түсіндіруге болады. Ал, «қышлақ» сөзі қыстау деген мағынаға ие. Түркі тілінің әр түрлі диалектілерінің әсерінен, кейде деректердің басқа тілдерде берілуі себебінен географиялық аталым Маңғышлақ, Бинкишлақ, Банхишлақ, Манкашлақ, Манкишлақ сияқты түрде кездеседі. Содан кейін кишлақ, қыстақ ретінде, қазақтың қазіргі қыстақ (қыстау) формасына ие болып, ұзақ ғасырлар бойы өзінің ата-баба есімінің мәнін өзгертпеген — Мыңқыстау (мың қыстау) антонимінің тағы бір нұсқасын қосты [30; 203].

Әбілғазы Маңғышлақ топонимін XI ғасырдағы оғыздардың миграциясымен байланысты атайды. Оғыздардың саяси тарихында Маңғыстау жері маңызды рөл атқарды. Оғыз мемлекетінің ыдырауынан кейін ел ішінде жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Осы кезде Қылық бек, Қазан бек және Қараман бек бастаған оғыздар Маңғышлаққа келді. Олардың көп бөлігін имир, дүкер, игдир, шәуілдір, қарқын, салор және ағар тайпалары құрады [4; 68]. Тінлібек бастаған салорлардың көп бөлігі Хорасанға, одан әрі Иракка көшкен еді. Иракты Сұлтан Мәлікшах жаулап алғаннан соң, салор тайпасының бір бөлігі Маңғышлаққа қайта оралды [31; 142].

XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридің еңбегінде Маңғышлақ — оғыз еліндегі жер атауы деген анықтама кездеседі [32; 16]. XIII ғасырда араб географы Якут Маңғышлақ — Хорезм шектерінің



соңындағы қол жетпейтін бекініс, ол Хорезм, Саксин және Русь елі арасында, Джейхун ағатын Табаристан теңізіне жақын орналасқан деп сипаттайды [25; 415]. Осы кезде Ибн әл-Асыр «әл-Камил фи-т-тарих» еңбегінде Селжұқ империясының вассалы ретінде билеген хорезм шахы Атсыз Маңғышлақты өзінің қоластында ұстағанын жазды [33; 359].

Әбілғазы ежелгі Тараздың пайда болуын көне оғыз заманына апарды. Шығармада Оғыз ханның алғашқы жорықтарының бірінде «Талаш» атауымен көрсеткен Тараз қаласын өз иелігіне қаратқанын жазған [4; 45]. Көне Тараз туралы осыған ұқсас дерек Рашид-ад-диннің «Оғыз-намесінде» де кездеседі. Әбілғазы «Талаш» деп көрсетсе, оған дейін Рашид ад-дин «Оғыз-намесінде» Талас деп өзенмен аттас жазды. Рашид ад-дин Тараз, Сайрам қалаларына «кәрі» анықтаушысын қосып жазып отырды. Бұл аталған қалалардың ертеде пайда болғанын көрсетсе керек. Оның үстіне, Рашид ад-дин Тараз бен Сайрамның Йафеттің иелігінде болғанын хабарлайды: «Йафет даланың тұрғыны (көшпенді) болған. Оның жайлауы мен қыстауы Түркістан жерінде; ол көктем айларын Инанч-Шахрға жақын орналасқан Өртақ пен Кертақта өткізді, ал қысты Қарақұмдағы Борсық құмдары аймағында өткізді. Бұл аймақта екі қала бар еді: бірі — Талас, екіншісі кәрі Сайрам» [1; 57].

Әбілғазы Оғыз Таразды жаулаған соң, қаланы басқа жорықтарға шыққанда күш жинақтау үшін тұрақ ретінде пайдаланып отырғанын жазады [4; 46]. Рашид ад-дин Оғыз ханның Тараз бен Сайрамға тұрақтап, қорғау үшін ұйғырларды жібергенін жазды [34; 17]. Рашид-ад-диннің деректерінде Тараз қаласымен байланысты қызықты мәлімет кездестіреміз. Оның жазуынша, әлемді жаулауға бел буған Оғыз хан елден ұзап кетіп, артта қалған жұрт Тараз бен Сайрамға бас көз болып, қорғау үшін ұйғырларды жібереді. Оғыздың бұйырумен келген ұйғырлар осы аймаққа тұрақтап қалып, өсіп-өнген. [4; 17].

Әбілғазы орта ғасырлық оғыздардың иелігіне Тараздың шамамен VII–VIII ғғ. қарағанын жазды. Осы уақытта билік еткен Қанлы Йавлы қайтыс боларында билікті екі ұлына бөліп беріп, Түркістан мен Йангикентті үлкен ұлы Мур Йавыға, екінші ұлы Қара алып Арсланға Тараз бен Сайрамды берді [4; 61]. Бұл қазіргі зерттеулердегі Қарахан әулеті билігінің алғышартында айтылатын мәліметке ұқсас: «Білге Күл-Қадыр хан өлгеннен кейін қағанаттағы билік үшін күресте оның екі баласы суырылып шықты: Базыр Арслан хан Баласағұнды, ал Оғұлшақ Қадыр хан Таразды билей бастады» [35; 398].

Ал, Рашид ад-дин X ғасырдағы Богра ханның көзі тірісінде ортаңғы ұлы Кори ханды таққа отырғызғанын жаза келе: «Кори хан (Кори Текин) кәрі Таласта хан тағына отырып, 75 жыл билік етті», – дейді [36; 57]. Бұл оқиға Қарахан әулетінің билік басына келген уақытымен сәйкес келеді. Қазіргі зерттеулерге сәйкес, Қарахан хандығының астанасы алғашқыда Баласағұн қаласы, кейіннен Тараз қаласына көшірілді десек, Рашид ад-диндегі дерек осыған саяды. Әбілғазы Богра хан, оның ұлы Кузы Тегін туралы жазғанмен, олар тақта отырған қала туралы жазбаған.

Шығармада Тұран, Түркістан, Ұлытау және Кішіқтау топонимдері де ұшырасады. Әбілғазы Тұранды макротопоним ретінде көрсетті. Бұл тарихи-географиялық аймақтың шегін атап көрсетпейді. Алайда, «Оғыз ханның Тұран және Үндістан жеріне шабуылы» деп аталған бөлімде бірнеше қалалар мен хандықтарды атайды. Олардың қатарында Тараз, Сайрам қалалары, Ташкент, Самарқанд, Бұхар әмірліктері, Түркістан, Әндіжан, Балх қалалары бар [4; 45].

Әбілғазы Түркістан атауын ойконим ретінде ғана емес, тарихи-географиялық аймақ атауы ретінде де пайдаланғанын байқауға болады. Мәселен, оғыз мемлекетінің күйреуінен кейін Тінлібек бастаған салорлардың көп бөлігі Хорасанға, одан әрі Ирак жеріне кетіп, сонда тұрақтайды. Алайда, қынық тайпасынан шыққан Сұлтан Мәлікшахтың бұл өңірді жаулауынан кейін салорлардың бір бөлігі оның қызметіне келді. «Біз оғыздың салор тайпасынан тарағанбыз, аталарымыз Түркістаннан келген» деп Сұлтан Мәлікшахқа туыстығын білдіреді. Әбілғазы жалпы Түркістан өңірін айтып тұрса керек [4; 68].

Әбілғазы оғыздардың ертеден мекен еткен қонысының солтүстігі Ұлытау және Кішітау тауларына дейін созылып жатқанын бірнеше рет атайды. Шежіре дерегіне сәйкес, бұл таулар Оғыздың әкесі Қара ханның жайлауы Ер тақ және Кер тақ таулары болған. Рашид-ад-дин Йафестің көктем айларын Ор тақ және Кер тақ тауларында өткізетінін жазады [16; 14]. Әбілғазының жазуынша, бұл таулар мыс кенін өндіретін Ұлытау және Кішіқтау тауларының ежелгі атаулары [4; 56]. Алайда, ғалым Ш. Уәлиханов Әбілғазы Ор тақ (Ер тақ) және Кер тақ тауларын Ұлытау мен Кішіқтау тауларына сәйкестендіруінің негізсіз екенін айтады. Себебі, Ор тақ және Кер тақ таулары Орталық Қазақстанда, Бетбақдаланың солтүстігінде орналасқан таулар [37; 390]. Ұлытау — Сарыарқаның оңтүстік батысында, Қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында орналасқан таулы

массиві. Ал, Кішіқтау — Ұлытау жотасының оңтүстік-батысындағы тау. Ал, Ер тақ, Рашид-ад-диннің нұсқасында Ор тақ қазіргі Ортау деп аталатын тау болса керек. Яғни, Ш. Уәлихановтың жазуынша, Ор тақ та, Кер тақ та Бетбақдаланың солтүстігіндегі аласа таулар.

### Қорытынды

Жер-су атаулардың этимологиясы мен олар туралы деректер тарих үшін қашан да маңызды. Бұл ретте Әбілғазының шығармасының құндылығы ежелгі және орта ғасырлардығы жер-су атаулары туралы деректерінің молдығы. Шығарманың топонимикалық деректері саясаттың ықпалымен бұрмаланып немесе өзгеріске ұшыраған кейбір тарихи атауларды қайтаруға, мағынасын ашуға көмектеседі. Бұл тұрғыда, кейбір топонимикалық атауларды талдау барысында семантикалық тұрғыдан аса маңызды, географиялық жағынан дәйекті түсіндірілетін атауларға қатысты бірқатар мәселелер анықталды.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен жазылды (ИРН № BR18574101).*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Таңдамалы шығармалар / Ш. Уәлиханов. — Алматы: Жазушы, 1985. — 560 б.
- 2 Паустовский К.Г. Собрание сочинений: [В 9-и т.] / К.Г. Паустовский. — М.: Художественная литература, 1981–1986. — Т. 4. — 558 с.
- 3 Толыбеков С.Е. Қазақ шежіресі / С.Е. Толыбеков. — Алматы: Қазақстан, 1992. — 144 б.
- 4 Кононов А.Н. Родословная туркмен: Сочинение Абу-л-Гази хана Хивинского / А.Н. Кононов. — М.–Л.: АН СССР, 1958. — 285 с.
- 5 Қошым-Ноғай Б.С. Тіл ұшындағы тарих («Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы») / Б.С. Қошым-Ноғай. — Алматы: Жазушы, 2003. — 496 б.
- 6 Бабалар сөзі: [Жүз томдық]. — Астана: «Фолиант», 2011. — 416 б.
- 7 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / Ә.Х. Марғұлан. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2012. — Т. 14. — 510 б.
- 8 Извлечения из «Худуд ал-алем» — анонимного персидского географического сочинения / под ред. А.А. Ромаскевич // В кн.: Материалы по истории туркмен и Туркмении. — М.–Л.: АН СССР, 1939. — Т. 1. — С. 209–217.
- 9 История Казахстана в персидских источниках. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — Т. 1. — 410 с.
- 10 Ибн Хаукал. Извлечения из «Китаб ал-месалик ва-п-мемалик» / Хаукал Ибн // В кн.: Материалы по истории туркмен и Туркмении. — М.–Л.: АН СССР, 1939. — Т. 1. — С. 181–184.
- 11 Гардизи. Извлечения из «Зейн ал-Ахбар» / Гардизи // В кн.: Материалы по истории туркмен и Туркмении. — М.–Л.: АН СССР, 1939. — Т. 1. — С. 227–234.
- 12 Тәжекеев Ә. Ортағасырлық оғыздардың сәулет өнері туралы / Ә. Тәжекеев, Ж. Султанжанов // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. — 2018. — №1. — Б. 239-246.
- 13 Кумеков Б.Е. Кипчаковедение — концептуальное научное направление евразийского масштаба / Б.Е. Кумеков // Кипчаки Евразии: история, язык и письменные памятники: сб. материалов Междунар. науч. конф. — Астана, 2003. — С. 12–21.
- 14 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта / С.П. Толстов. — М.: Изд-во восточной лит-ры, 1962. — 324 с.
- 15 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / Ә.Х. Марғұлан. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. — Т. 1. — 608 б.
- 16 Фазлаллах Рашид ад-Дин. Огуз-наме / Фазлаллах Рашид ад-Дин; пер. с перс. — Баку: Элм, 1987. — 128 с.
- 17 Бабалар сөзі: [Жүз томдық]. — Астана: «Фолиант», 2012. — Т. 89: Аңыздық жырлар. — 432 б.
- 18 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары [Үш томдық]. / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. — Алматы: Жазушы, 1984. — Т. 1. — 256 б.
- 19 Сөйле, тілім, жосылып (жыраулар мұрасы) / Құраст. әрі ред. Т.Қыдыр. — Алматы: Олжас кітапханасы, 2012. — 156 б.
- 20 Шортанбай. Келер заман / Шортанбай // Жұлдыз. — 1992. — № 12. — Б.130–134.
- 21 Өмірәлиев Қ. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі / Қ. Өмірәлиев. — Алматы: Ғылым, 1976. — 239 б.
- 22 Жұбан Молдағалиев. Естеліктер. Тарихи-ғұмырдеректік анықтамалық кітап / Молдағалиев Жұбан. — Ақжайық ауданы, Орал, 2020. — 415 б.
- 23 Подосинов А.В. Еще раз о древнейшем названии Волги / А.В. Подосинов // В кн.: Древнейшие государства Восточной Европы. — М., 2000. — С. 230–239.

- 24 Ал-Истархи. Извлечения из «Китаб месалик ал-мемалик» / Ал-Истархи // В кн.: Материалы по истории туркмен и Туркмении. — М.–Л.: АН СССР, 1939. — Т. 1. — С. 167–181.
- 25 Якут. Извлечения из «Китаб муджам ал-булдан» / пер. С.М. Богдановой-Березовской // В кн.: Материалы по истории туркмен и Туркмении. — М.; Л.: АН СССР, 1939. — Т. 1. — С. 409–416.
- 26 Бабалар сөзі: [Жүз томдық]. — Астана: «Фолиант», 2012. — Т. 82: Шежірелік жыр-аңыздар. — 432 б.
- 27 История Казахстана в русских источниках в XVI–XX вв. — Алматы: Дайк Пресс, 2007. — Т. 4. — 368 с.
- 28 Бабалар сөзі: [Жүз томдық]. — Астана: «Фолиант», 2012. — Т. 83: Шежірелік аңыздар. — 448 б.
- 29 Панкова С.В. Тюркоязычные кочевники раннего средневековья: эпоха каганатов / С.В. Панкова, А.И. Торгоев // В кн.: Кочевники Евразии на пути к империи. — СПб.: Славия, 2012. — С. 180–195.
- 30 Самашев З. Сокровища Устюрта и Манкыстау / З. Самашев, К. Кушербаев, Е. Аманшаев, А. Астафьев. — Алматы, 2007. — 400 с.
- 31 Семби М. Маңкыстау / М. Семби // Сб. материалов Междунар. науч.-практ. семинара «Историко-культурное наследие и современная культура». — Алматы: «Service Press», 2012. — С. 202–203.
- 32 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығ. жин. / қазақ тіліне ауд. А. Егеубай. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. — 376 б.
- 33 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): [бес томдық]. — Алматы: Атамұра, 2010. — 4-т. — 541 б.
- 34 Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Махмуд ал-Кашгари; пер. А.М. Ауэзовой. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 1288 с.
- 35 Извлечения из «ал-Камил фи-т-тарих» Ибн ал-Асира / пер. И.Н. Леманова, С. Волина // В кн.: Материалы по истории туркмен и Туркмении. — М.–Л.: АН СССР, 1939. — Т. 1. — С. 358–409.
- 36 Рашид ад-дин. Жамиғ ат-тауарих: (тарихтар жинағы, XIV ғ.): көптомдық / Рашид ад-дин Фазлуллах Хамадани; жалпы ред. басқ. Д.Қ. Қыдырәлі; ауд.: З.Ж. Оразбай, М.З. Оразбаев. — Астана: Фолиант, 2018. — 1-том : (1300-1316 жылдар аралығында жазылған). — 595 б.
- 37 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: [В 5-и т.] / Ч.Ч. Валиханов. — Алма-Ата: Гл. ред. Казах. сов. энцикл., 1984. — Т. 1. — 432 с.

А.М. Ташкараева, А.Б. Альдибаева

### Написание земельно-водных данных о средневековых государствах в произведении «Шежире-и Таракиме»

Этническая история тюркских племен в Великой степи происходила в сложных условиях по политическим, социальным причинам. В результате таких процессов, как миграция, вымирание, разделение, ассимиляция, культура племен переплетаются, образуя новую культурную систему. В любой момент времени исторический процесс происходил в определенном историческом пространстве. Корень понятия «пространство» — явление непреодолимое и бесконечное. А «историческое пространство» — это прохождение различных исторических событий и тенденций на земле в определенное время и в определенной среде. В данной исследовательской работе рассмотрены исторические места Великой степи и их особенности. Авторами проанализированы данные о наиболее часто упоминаемых в произведении «Шежире-и Таракиме» реках Сырдарья, Волга, Урал, Казыгурт, а также городах Алмалык, Сайрам, Талас (Тараз), Янгикент, Мангышлак (Мангыстау), Дешты-Кыпчак, Мауреннахр, Туран и Туркестан.

*Ключевые слова:* тюркские племена, тюрки, моголы, Казахское ханство, моголы, улусы, сочинения, «Шежире-и Таракиме», Абылгази, средневековые мусульманские авторы.

A.M. Tashkarayeva, A.B. Aldibayeva

### Writing land and water data about medieval states in the work “Shezhire-i Tarakim”

The ethnic history of the Turkic tribes living in the Great Steppe took place in difficult conditions for political and social reasons. As a result of processes such as migration, extinction, separation, assimilation, tribal culture is intertwined, forming a new cultural system. At any given time, the historical process took place in a certain historical space. The root of the concept of “space” is an irresistible and infinite phenomenon. And “historical space” is the passage of various historical events and trends on earth at a certain time and in a certain environment. This research paper examines the historical sites of the Great Steppe and their features. The article analyzes data on the Syrdarya, Volga, Ural, Kazygurt rivers, most often mentioned in the work “Shezhire-and Tarakim”, as well as the cities of Almalyk, Sairam, Talas (Taraz) Yangikent, Mangyshlak (Mangystau), Deshty-Kipchak, Maurennahr, Turan, Turkestan.

*Keywords:* Turkic tribes, Turks, Mughals, Kazakh Khanate, Mughals, Uluses, writings, “Shezhire-i Tarakime”, Abylgazs, medieval Muslim authors.

## References

- 1 Ualikhanov, Sh. (1985). Qazaqtardagy shamandyqtyn qaldygy. Tandamaly shygarmalar [Remains of Kazakh shamanism. Selected works]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 2 Paustovskii, K.G. (1981–1986). Sobranie sochinenii: [V 9-i t.] [Collected works: in 9 volumes]. Vol. 4. — Moscow: Khudozhestvennaia literatura [in Russian].
- 3 Tolybekov, S.E. (1992). Qazaq shezhiresi [Kazakh genealogy]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 4 Kononov, A.N. (1958). Rodoslovnaia turkmen: sochinenie Abu-l-Gazi khana Khivinskogo [Genealogy of the Turkmens: the work of Abu-l-Ghazi Khan of Khiva]. Moscow: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 5 Koshym-Nogai, B.S. (2003). Til ushyndag tarikh («Biraz soz qazaqtyn qaidan shyqqany turaly») [History at the tip of the tongue (“A few words about the origin of Kazakh”)]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 6 (2011). Babalar sozi: [Zhuz tomdyq] [Words of the ancestors: One hundred volumes]. Astana: «Foliant» [in Kazakh].
- 7 Margulan, A.Kh. (2012). Shygarmalary [Works]. Vol. 14. Almaty: “Alatau” baspasy [in Kazakh].
- 8 Romaskevich, A.A. (Ed.). (1939). Izvlecheniia iz «Khudud al-alem» — anonimnogo persidskogo geograficheskogo sochineriia [Excerpts from “Hudud al-alem” — an anonymous Persian geographical composition]. *V knige: Materialy po istorii turkmen i Turkmenii — In the book: Materials on the history of Turkmens and Turkmenistan*. Moscow–Leningrad: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 9 (2005). Istoriia Kazakhstana v persidskikh istochnikakh [History of Kazakhstan in Persian sources]. Vol. 1. Almaty: Daik Press [in Russian].
- 10 Ibn Khaikal (1939). Izvlecheniia iz «Kitab al-mesalik va-p-memalik» [Excerpts from “Kitab al-mesalik va-p-memalik”. *V knige: Materialy po istorii turkmen i Turkmenii — In the book: Materials on the history of Turkmens and Turkmenistan, 1*. Moscow–Leningrad: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 11 (1939). Gardizi. Izvlecheniia iz «Zein al-Akhbar» [Excerpts from “Zein al-Akhbar”]. *V knige: Materialy po istorii turkmen i Turkmenii — In the book: Materials on the history of Turkmens and Turkmenistan, 1*. Moscow–Leningrad: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 12 Tazhekeev, A., & Sultanzhanov, Zh. (2018). Ortagasyrlyq ogyzdardyn saulet oneri turaly [About the architecture of medieval Oghuz]. *Qazaq ul'tyq univertsitetinin khabarshysy. Tarikh seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University, History series, 1*, 239-246 [in Kazakh].
- 13 Kumekov, B.E. (2003). Kipchakovedenie — kontseptualnoe nauchnoe napravlenie evraziiskogo masshtaba [Kipchak studies — a conceptual scientific direction of the Eurasian scale]. *Kipchaki Evrazii: istoriia, yazyk i pismennye pamiatniki: Sbornik materialov Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii — Kipchaks of Eurasia: history, language and written monuments. Collection of materials of the international scientific conference*. Astana [in Russian].
- 14 Tolstov, S.P. (1962). Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta [On the ancient deltas of Oxus and Jaxartes]. Moscow: Izdatelstvo vostochnoi literatury [in Russian].
- 15 Margulan, A.Kh. (2007). Shygarmalary [Works]. Vol. 1. Almaty: «Alatau» baspasy [in Kazakh].
- 16 (1987). Fazlallah Rashid ad-Din. Oguz-name [Fazlallah Rashid al-Din]. Baku: Elm [in Russian].
- 17 (2012). Babalar sozi: Zhuz tomdyk [Words of the ancestors: One hundred volumes]. Vol. 89. *Anyzdyq zhyrlar — Legendary epics*. Astana: «Foliant» [in Kazakh].
- 18 Magauin, M., & Baidildaev, M. (Comp.). (1984). Bes gasyr zhyrlaidy: XV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezine deiingi qazaq aqyn-zhyraularynyn shygarmalary [Five centuries sing: works of Kazakh poets from the 15th century to the beginning of the 20th century]. (Vols. 1–3). Vol. 1. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 19 Kydyr, T. (Ed., Comp.). (2012). Soile, tilim, zhosylyp (zhyraular murasy) [Speak, language, sing (the legacy of the Zhyrau)]. Almaty: Olzhas kitapkanasy [in Kazakh].
- 20 Shortanbai. (1992). Keler zaman [The coming time]. *Zhuldyz — Star, 12* [in Kazakh].
- 21 Omiraliev, K. (1976). XV–XIX gasyrlardagy qazaq poeziiasynyn tili [The language of Kazakh poetry in the XV–XIX centuries]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 22 Zhuban Moldagaliev (2020). Estelikter. Tarikhi-gumyrderektik anyqtamalyq kitap. Akzhaiyq audany [Memories. Historical reference book. Akzhayik district]. Oral [in Kazakh].
- 23 Podosinov, A.V. (2000). Eshche raz o drevneishem nazvanii Volgi [Another time of the ancient name of the Volga]. *V knige: Drevneishie gosudarstva Vostochnoi Evropy — The oldest states of Eastern Europe*. Moscow [in Russian].
- 24 (1939). Al-Istarkhi. Izvlecheniia iz «Kitab mesalik al-memalik» [Excerpts from “Kitab mesalik al-memalik”]. *V knige: Materialy po istorii turkmen i Turkmenii [In the book: Materials on the history of Turkmens and Turkmenistan]*. Moscow–Leningrad: Akademiia nauk SSSR [in Russian].

- 25 (1939). Yakut. Izvlecheniia iz «Kitab mudzham al-buldan» [Excerpts from "Kitab mujam al-buldan"]. *V knige: Materialy po istorii turkmen i Turkmenii* [In the book: Materials on the history of Turkmens and Turkmenistan]. Moscow–Leningrad: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 26 (2012). Babalar sozi: Zhuz tomdyq [The words of the ancestors: One hundred volumes]. Astana: «Foliant» [in Kazakh].
- 27 (2007). Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh v XVI–XX vv. [History of Kazakhstan in Russian sources in XVI–XX centuries]. Almaty: Daik Press [in Russian].
- 28 (2012). Babalar sozi: Zhuz tomdyq [Words of the ancestors: One hundred volumes]. Vol. 83. Shezhirelik anyzdar [Genealogical legends]. Astana, «Foliant» [in Kazakh].
- 29 Pankova, S.V. & Torgoev, A.I. (2012). Tiurkoiazychnye kochevniki rannego srednevekovia: epokha kaganatov [Turko-speaking nomads of the early middle ages: the era of the Khaganate]. *V knige: Kochevniki Evrazii na puti k imperii — The nomads of Eurasia on the way to Empire*. Saint-Petersburg: Slaviia [in Russian].
- 30 Samashev, Z., Kuserbaev, K., Amanshaev, E., & Astafev, A. (2007). Sokrovishcha Ustiyurta i Mankystau [Treasures of Ustiyurta and Mankystau]. Almaty [in Russian].
- 31 Sembi, M. (2012). Mangystau [Mangystau]. *Sbornik materialov Mezhdunarodnogo nauchno-prakticheskogo seminara «Istoriko-kulturnoe nasledie i sovremennaiia kultura» — Proceedings of the International Scientific-Practical Seminar «Historic Cultural Heritage and Modern Culture*. Almaty: «Servise Press», 202–203 [in Russian].
- 32 Kashkari, M. (2006). Turik tilinin sozdigi (Diواني lugat it-turik) [Dictionary of the Turkish language (Diواني lugat it-turkish)]. Vol. 3. Almaty: Sozdik-Slovar [in Kazakh].
- 33 (2010). Qazaqstan tarikh (kone zamannan buginge deiin): bes tomdyq [History of Kazakhstan (from ancient times to the present): five volumes]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 34 (2005). Makhmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk [Divan Lugat at-Turk]. (A.M. Auezova, Trans.). Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 35 Lemanova, I.N. & Volina, S. (1939). Izvlecheniia iz «al-Kamil fi-t-tarih» Ibn al-Asira [Excerpts from "al-Kamil fi-t-tarih" Ibn al-Asira]. *V knoge: Materialy po istorii turkmen i Turkmenii*. Moscow–Leningrad: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 36 Rashid ad-din. (2018). Zhamig at-tauarikh: (tarikhhtar zhinagy, XIV g.): koptomdyq [Rashid al-Din. Jamig al-tawarikh: (collection of histories, 14th century): multivolume]. D.K. Kydyrali (Ed.); (Z.Zh. Orazbai, M.Z. Orazbaev, Transl.). Astana: Foliant, 1 [in Russian].
- 37 Valikhanov, Ch.Ch. (1984). Sobranie sochinenii: [V 5-i tomkh] [Collection of works: in 5 volumes]. Vol. 1. Alma-Ata: Glavnaia redaktsiia Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii [in Russian].

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Ташкараева Асель** — PhD, тарих кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-1349-1502>

**Альдибаева Аида** — PhD, тарих кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0009-3903-7007>

#### Information about the authors

**Tashkarayeva Assel** — PhD, senior lecturer of the Department of history, M.H. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.

**Aldibayeva Aida** — PhD, senior lecturer of the Department of history, M.H. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.